

"Қорғас - Шығыс қақпасы" арнайы экономикалық аймағын құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 қарашадағы № 187 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 7 шілдедегі № 52 Жарлығы
Қазақстан Республикасының Президенті
мен Үкіметі актілерінің жинағында
жариялануға тиіс

Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :

1. «Қорғас - Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағын құру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 қарашадағы № 187 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2012 ж., № 4, 74-құжат) мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

1) жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген «Қорғас - Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағы туралы ережеде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. «Қорғас - Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағы (бұдан әрі - АЭА) қоса беріліп отырған жоспарға сәйкес шекарада Алматы облысының аумағында о р н а л а с қ а н .

АЭА логистикалық арнайы экономикалық аймақ болып табылады.

АЭА-ның аумағы 4591,5 гектарды құрайды және Қазақстан Республикасы аумағының ажырамас бөлігі болып табылады.»;

2) көрсетілген Ережеге қосымша осы Жарлыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда ж а з ы л с ы н .

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Президенті Н.Назарбаев*


Қазақстан Республикасы
Президентінің
2015 жылғы 7 шілдедегі
№ 52 Ж а р л ы ғы н а

ҚОСЫМША

« Қ о р ғ а с - Ш ы ғы с
а р н а й ы э к о н о м и к а л ы қ
а й м а ғы т у р а л ы е р е ж е г е
қ а қ п а с ы »

ҚОСЫМША

«Қорғас - Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағының ЖОСПАРЫ



рет №	саны	Негізгі аймақтардың атаулары	Ауданы, га
1.		«Құрғақ порт» көлік-логистикалық кешені	294,00
2.		Логистикалық аймақ	189,40
3.		Индустриялық аймақ	230,40
4.		Резервтік аумақ	3 877,70
Жиыны:			4 591,5

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК